

**Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің
Еуразиялық экономикалық комиссия интеграциялық сегментінің бағдарламалық
қамтылымын беру және оны пайдалану тәртібін бекіту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 10 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 28 және 32-тармақтарын іске асыру мақсатында және көрсетілген Хаттаманың 30-тармағы мен Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 15-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Еуразиялық экономикалық комиссия интеграциялық сегментінің бағдарламалық қамтылымын беру және оны пайдалану тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 10 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Еуразиялық
экономикалық комиссия интеграциялық сегментінің бағдарламалық қамтылымын беру және
оны пайдалану ТӘРТІБІ**

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Одақ туралы шарт) № 3 қосымша) 28 және 32-тармақтарын іске асыру мақсатында әзірленді және Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық ақпараттық жүйесінің Еуразиялық экономикалық комиссия меншік иесінің құқықтарын жүзеге асыратын және міндеттерін орындайтын Комиссия интеграциялық сегментінің

бағдарламалық қамтылымын беру (бұдан әрі тиісінше – бағдарламалық қамтылым, Комиссия, интеграцияланған жүйе) рәсімін және мұндай бағдарламалық қамтылымды пайдалану қағидаларын айқындайды.

2. Осы Тәртіпте ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) қоса алғанда, Одақ туралы шартта, Комиссияның интеграцияланған жүйені құру және дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Интеграцияланған жүйе құру мен оны дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде әзірленген, оны ұлттық сегмент құрамында пайдалану мүмкіндігін көздейтін бағдарламалық қамтылым Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің интеграцияланған жүйесінің ұлттық сегменттерінің (бұдан әрі тиісінше – ұлттық сегмент, мүше мемлекеттер) тапсырыс берушілеріне олардың өтінімдері бойынша ұлттық сегменттердің компоненттерін әзірлеу, сондай-ақ ұлттық сегменттердің құрамындағы жекелеген функцияларды іске асыру кезінде пайдалану үшін беріледі.

4. Ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне Комиссияның бағдарламалық қамтылымға құқықтарды (соның ішінде бағдарламалық қамтылым бар электрондық жеткізгіштерді, сондай-ақ пайдалану және (немесе) жобалау құжаттамасын) беруі оңайлатылған тәртіппен жасалатын қарапайым (айрықша емес) лицензия беру туралы лицензиялық шартқа сәйкес өтеусіз негізде жүзеге асырылады және осы Тәртіптің 8 – 10-тармақтарына сәйкес қабылдау-беру актісімен ресімделеді.

5. Бағдарламалық қамтылым ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне орындалатын код (дистрибутив) түрінде бағдарламалық қамтылымға пайдалану құжаттамасымен қоса беріледі.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптары бөлігінде бағдарламалық қамтылымға тексеру, соның ішінде мүше мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес декларацияланбайтын мүмкіндіктердің жоқ екеніне тексеру жүргізу мақсатында, сондай-ақ ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің бағдарламалық қамтылымды одан әрі дербес дамытуы мақсатында (егер бұл бағдарламалық қамтылымның мақсатына сәйкес көзделсе) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне оның сұратуы бойынша бағдарламалық қамтылымның негізгі мәтіндері (кодтары) бағдарламалық қамтылымға жобалау құжаттамасымен қоса беріледі.

Қажет болған кезде Комиссия ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің және мүше мемлекеттердің басқа да уәкілетті органдарының өкілдерімен бірлесіп, берілетін бағдарламалық қамтылымның орындалатын кодтарын (дистрибутивтерді) Комиссияның техникалық құралдарында дайындауды (компиляциялауды) қамтамасыз етеді.

6. Ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі бағдарламалық қамтылымды пайдаланған кезде мынадай шарттар мен талаптар сақталуға тиіс:

а) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің техникалық құралдарының жадысында бағдарламалық қамтылымды жазу және сақтау, бағдарламалық-аппараттық комплекстерді конфигурациялау және бағдарламалық қамтылымның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті өзге де іс-қимылдар бағдарламалық қамтылымның мақсатына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс;

б) бағдарламалық қамтылымның көшірмелері, егер бағдарламалық қамтылымның берілген данасы жоғалған, жойылған немесе пайдалануға жарамсыз болған жағдайда осындай дананы алмастыру үшін дайындалуы мүмкін;

в) бағдарламалық қамтылымның баптауларына ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің техникалық құралдарында оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер енгізілуі мүмкін;

г) бағдарламалық қамтылымды және оны пайдалану құқықтарын ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі ұлттық сегменттің бағдарламалық қамтылымын жасауға, жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және дамытуға ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі уәкілеттік берген ұйымдарға ғана, сондай-ақ мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ұлттық сегменттің сенім білдірілген үшінші тарапының функцияларын орындайтын ұйымдарға беруі мүмкін;

д) егер бағдарламалық қамтылымның мақсатына сәйкес оны ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің одан әрі дербес дамытуы көзделмесе, ақпараттық қауіпсіздік талаптары бөлігінде бағдарламалық қамтылымға тексеру жүргізу мақсатында ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне берілген бастапқы мәтіндерді (кодтарды) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің орындалатын кодтарды (дистрибутивтарды) өздігінен дайындауы үшін пайдалануға жол берілмейді.

7. Ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің бағдарламалық қамтылымды және оны пайдалану құқықтарын осы Тәртіптің 6-тармағының "г" тармақшасында көрсетілген ұйымдарға беруі ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламалық қамтылымды және оны пайдалану құқықтарын беру туралы ақпаратты берілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі Комиссияға (қабылдау-беру актілерінің көшірлемелерін немесе жасалуы ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі мемлекетінің заңнамасында көзделген басқа құжаттарды жібере отырып) жібереді.

8. Бағдарламалық қамтылымды қабылдау-беру актісі жазбаша нысанда 2 данада жасалады, оның бірі ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне беріледі, екіншісі Комиссияда қалады.

9. Қабылдау-беру актісінде:

а) бағдарламалық қамтылым бар электрондық жеткізгіштердің түрі мен саны;

б) бағдарламалық қамтылымды беру мақсаты (ұлттық сегменттің компоненттері ретінде пайдалану үшін, ақпараттық қауіпсіздік талаптары бөлігінде тексеру үшін, одан әрі дербес пысықтау және ұлттық сегмент құрамында пайдалану үшін);

в) бағдарламалық қамтылыммен бірге берілетін пайдалану және (немесе) жобалау құжаттамасының түрі мен сипаттамасы;

г) берілген бағдарламалық қамтылымды пайдалану және оның пайдаланылуын бақылау бөлігінде өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген Комиссияның және ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі өкілдерінің деректері;

д) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бағдарламалық қамтылымды пайдалануға құқықтарды ресімдеуі үшін қажетті өзге де ақпарат көрсетіледі.

10. Қабылдау-беру актісіне:

Комиссия тарапынан – Комиссия департаментінің Комиссияның интеграциялық сегментін жасау және дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты лауазымды адамы;

ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі тарапынан – мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген адам қол қояды.

11. Бағдарламалық қамтылымды ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне беру фактісі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 7 маусымдағы № 65 шешіміне сәйкес құрылған және жұмыс істейтін Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің алгоритмдері мен бағдарламаларының қорындағы пайдалану құжаттамасында есепке алынуға жатады.

12. Комиссия:

а) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне тиісті сұрату жіберу арқылы ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің бағдарламалық қамтылымды пайдалану шарттарын тексеруді жүзеге асыруға құқылы;

б) ұлттық сегменттің тапсырыс берушілерін бағдарламалық қамтылымның жаңа нұсқаларының және (немесе) жаңартуларының шығарылғаны туралы хабардар етеді және жаңа нұсқаларды және (немесе) жаңартуларды орнатуға (берілген бағдарламалық қамтылымды ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі өздігінен пысықтамаған жағдайда) жәрдемдеседі.

13. Ұлттық сегменттің тапсырыс берушісі:

а) осы Тәртіптің 12-тармағының "а" тармақшасында көрсетілген тексеру шеңберінде Комиссияға сұратылған ақпаратты береді;

б) егер берілген бағдарламалық қамтылымды өздігінен пысықтамаса, Комиссияны бағдарламалық қамтылымның жоғалу (жойылу, бүліну) фактілері және оны қалпына келтіру үшін қабылданған шаралар туралы, бағдарламалық қамтылымды пайдалану процесінде анықталған іркілістер, істен шығу немесе өзге де кемшіліктер туралы, сондай-ақ осы Тәртіптің бұзылу жағдайлары туралы хабардар етеді;

в) бағдарламалық қамтылымды пайдалану процесінде анықталған, өзі жоя алмайтын қателіктер туралы Комиссияны хабардар етеді;

г) бағдарламалық қамтылымды үшінші тұлғалардың қол сұғуынан қорғауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

14. Комиссия:

а) ұлттық сегменттің тапсырыс берушісіне немесе бағдарламалық қамтылымды пайдалануға байланысты ұлттық сегменттің тапсырыс берушісінің тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген тікелей немесе жанама , арнайы, кездейсоқ немесе өзге де залал үшін;

б) бағдарламалық қамтылымды дұрыс пайдаланбау салдарынан деректердің жоғалғаны немесе бүлінгені, бағдарламалық қамтылымды дұрыс пайдаланбау салдарынан аппараттық қамтамасыз етуге немесе бағдарламалық қамтылыммен бірге пайдаланылатын бағдарламаларға келеңсіз әсер үшін жауапты болмайды.